

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Менің отбасым

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.03.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/90943/>

Күні

Білім беру саласы:	ТАНЫМ
Бөлімі:	Қоршаған орта
Тақырыбы:	Менің отбасым
Мақсаты:	Балаларға отбасы туралы түсінік беру
Мақсаты:	Отбасы туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Отбасындағы сыйластығын нығайту.
Міндеттері:	өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілетін, қарым қатынас дағдыларын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
Әдіс-тәсілдер:	: Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, ойын.
Көрнекіліктері:	Тақырыпқа байланысты суреттер
Сөздік жұмыс:	Отбасы.Ата, әже, аға, сіңлі, іні, қарындас.
Билингвалды компонент	«Менің отбасым», «Моя семья», «My family»

Әрекет кезеңі	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті	+	—
---------------	---------------------	--------------------	---	---

Мотивациялық кезең Ізденіс-ұйымдастыру кезеңі	шеңберін ұйымдастыру. «Біздің шаңырақ»Атамнан басталар, Әжеммен қосталар. Отбасым мыналар, Ең жақын адамдар Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар... Бәрін жақсы көремін Еркелеймін, еремін! Ән салуға барамыз, Досымызды табамыз. Сәлемет пе! Міне, мен!	-Балалар шеңберге тұрып өлең жолдарын қайталап айтады.		
Екі топ	Доспын енді сенімен. Д/О «Отбасы мүшелерін ата»Мақсаты: Балаларға отбасы туралы түсінік беру.	қолдарын екі жаққа сермейді		
Даярлық тобына	-Бүгін біздерге қонаққа Тоғжан кішкене бауырымен келді. Сәлемдесейікші! -Балалар қалай ойлайсыңдар отбасы деген не? -отбасыларыңда кімдер бар?	Д/О ойнайды		
Ересек тобына	Балалар отбасы деген ол- атам, әжем, әкем, анам, ағам, қарындас, бауырым т.б Отбасы бізге ең ыстық ұя.Онда бізді әрдайым күтіп, жақсы көретін адамдар тұрады. -Балалар біз отбасымызбен серуенге барамыз ба? -Иә Мысалы: Күзгі баққа серуендейміз. Неліктен серуенге шығамыз? Өйткені күзгі ауа райы адамдарға өте пайдасы бар.Біз отбасымыздың денсаулығын ойлауымыз керек жіне олармен бағалауымыз керек. Олай болса бір сергіп алайық «Отбасы» Бір үйде біз нешеуіміз, Кел санайық екеуіміз. Бас бармағым ол-әкем, Балаң үйрек ол- анам, Ортаң қолым ол- ағам, Шылдыр шумек – мен. Титтей бөбек – сен, Бір үйде біз нешеуіміз, Бір үйде біз бесеуіміз! Ойын сұрақ: » Көңілді доп» — Отбасы мүшесін ата. — Отбасында кімді жақсы көресің? — Отбасында кімге сыйлық жасайсың? — Анаңа қалай көмектесесің? — Үйге қонақ келгенді ұнатасың ба? — Дастархан басында өзіңді қалай ұстайсың? — Үйдегі інің, қарындасыңа қалай көмектесесің?	Сұрақтарға жауап береді	Түсінік алады	
Даярлық тобы	Бүгін сендермен не жайлы айттық? Отбасы туралы не білдіңдер? — Жарайсыңдар, балалар, өте жақсы.	Жауап береді	Не білгендері жайлы айтады.	
Ересек тобына қорытында		Ойнайды	Балалар жауап береді	

Күтілетін нәтиже:	
Білу:	Отбасы туралы біледі
Игеру:	Ойындарды игереді
Меңгеру	Жаңа сөздерді меңгереді

Күтілетін нәтиже:	
Білу:	Отбасы туралы және оның ішіндегі мүшелері туралы түсініктің болуы.
Игеру:	Отбасының қаншалықты жақын , ыстық екендігін білуі.
Меңгеру	сұрақтарға толық жауап бере алуы.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.